

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстандықтардың зейнетақы активтері қандай құралдарға салынды?

2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 13,1 трлн теңгені құрады. Бұл ретте [ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ](#) зейнетақы активтері 13 096,03 млрд теңге. [ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері](#) 7,7 млрд теңгеге жетті.

Зейнетақы активтерін Қазақстанның Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) инвестициялауы туралы толық ақпарат, сондай-ақ, инвестициялық қызметке 2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша шолу enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланған.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

2022 жылдың 1 ақпанында ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде ҚРҰБ (сенімгерлік басқарушы ретінде) инвестициялауының негізгі бағыттары [былайша берілген](#):

- ҚР Қаржы министрлігі шығарған, ағымдағы құны 5 106,21 млрд теңгені (бүкіл портфельдің 38,99%) құрайтын ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары. Теңгеге номиналданған ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 9,4%, ал АҚШ долларында – жылына 3,4% құрады.

- шетелдердің мемлекеттік бағалы қағаздары 2 257,71 млрд теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 17,24%. БЖЗҚ-ның 3А портфельіндегі есепті күндегі шет мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 1,6%.

- ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары (ағымдағы құны 1 676,01 млрд теңге (портфельдегі үлесі – 12,80%). ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгемен номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,8%, АҚШ долларымен жылына 5,5%.

- ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары 949,57 млрд теңге (7,25%). ҚР ЕДБ теңгеге номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күнге жылына 10,2%.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі былайша берілген:

- ұлттық валютадағы инвестициялар – 68,17%, АҚШ долларында – 31,77%, Ресей рублінде және басқа валютада – зейнетақы активтері портфелінің 0,06%.

Федералдық резервтік жүйе монетарлық саясатты қатаңдатуы мүмкін деп күтіліп отырған жағдайда акциялар нарығының құлдырап, сыртқы және ішкі нарықтардағы облигацияларға кірістердің өсуі нәтижесінде 2022 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 12,13 млрд теңгені құрады. 2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айда (2021 жылдың ақпаны мен 2022 жылдың қаңтары аралығында) зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 8,50% болған кезде 9,73% жетті. Осылайша, соңғы 12 айда БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты табыстылық 1,23% көрсетті.

Эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің [егжей-тегжейлі құрылымы](#) мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында жарияланған.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

Қазақстандық басқарушы компанияларға берілген қаражаттың жалпы көлемі шамамен 7,7 млрд теңге.

"Jysan Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 3,48 млрд теңгені құрады. Оларға ҚРҰБ ноттары (портфельдің 36,73%), Exchange Traded Funds (ETF) пайлары (27,83%), ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ (24,75%) сатып алынды, ал инвестициялық шоттарда ақшалай қаражатта қалған активтер – 10,69%. Портфельдің 66,88% теңгемен, 33,12% АҚШ долларында.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі сенімгерлік басқаруға берілген сәттен бастап 7,36% құрады.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

«Halyk Global Markets» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 ақпанында 2,15 млрд теңгені құрады. Портфельдің құрылымында кері РЕПО операциялары 42,35%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары (13,93%), ETF пайлары (16,54%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары (8,36%), ЕДБ облигациялары (7,19%), ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары (5,91%), ХҚҰ (5,65%), және шоттардағы ақша қаражаты (2,01%) мен басқа да активтер (0,02%), жасалған мәмілелер бойынша ақы төлеуге міндеттемелер (1,95%) бар. Портфельдегі ұлттық валютадағы инвестициялар 75,08%, АҚШ долларында 24,92%.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі сенімгерлік басқаруға берілген сәттен бастап 8,00% құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [нақты құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

«BCC Invest» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша 1,24 млрд теңгені құрады. Олар пайларға (ETF индекстерге) (24,27%), кері РЕПО операцияларына (19,24%), ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына (16,89%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (10,36%), ХҚҰ облигацияларына (7,92%), инвестициялық шоттардағы ақша қаражатына (7,75%), ҚР ЕДБ облигацияларына (6,77%), ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына (6,44%), өзге де активтерге (0,36%) бөлінген. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 57,75%, АҚШ долларында 42,25% инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі сенімгерлік басқаруға берілген сәттен бастап 8,12% құрады.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша **"Сентрас Секьюритиз" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 816,10 млн теңгені құрады. Олар ҚР ҚМ МБҚ-ға (68,21%), РЕПО (17,40%), ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (13,90%), инвестициялық шоттардағы ақша құралдарына (0,35%), басқа активтерге (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) 0,14% мөлшерінде инвестицияланды. Барлық инвестициялар ұлттық валютада жүргізілді.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі сенімгерлік басқаруға берілген сәттен бастап 8,23% құрады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

Бұдан бөлек, БЖЗК сайтының «Көрсеткіштер» қосымша бетінде [«Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельіне қысқаша шолу»](#) бөлімі бар. Онда инвестициялық портфельдің құрылымы бойынша жалпы ақпарат берілген.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).